

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 наурыздағы N 372 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12.

N 578 *(қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

Қайталама түсті және қара металдар рыногын реттеуді жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат):

көрсетілген қаулыға 4-қосымшада:
келесі жолдар:

"Коррозияға төзімді (тоттанбайтын) болаттың қалдықтары мен сынықтары	!7204 21 ! !100 !
--	----------------------

Қара металдардың қалдықтары мен сынықтары (қолдануда болған рельстер, темір жол төсемдері, нің элементтері, дискілер, доңғалақ жұптары)	!7204, ! !7302-ен* ! ! ! "
---	----------------------------------

мынадай редакцияда жазылсын:

"Қара металдардың қалдықтары мен сынықтары; қайта қорытуға арналған қара металдар құймалары (шихталық құймалар)	!7204 !
---	---------

Темір жол немесе трамвай жолдарына пайдалануға арналған қара металдар бұйымдары: рельстер, рельстерді қосуға және бекітуге арналған қатырма рельстер және тісті рельстер,	!7302-ен* !
---	-------------

ауыстырғыш рельстер, нығарланып қиыстыратын
шаңбақтар, ауыстырғыш аспалар және басқа да
көлденең жалғағыштар, түйістіруші жапсырмалар
және астарлар, сыналар, тірек тақталары, ілмекті
рельс бұрандалары, көпшіктер және тартқылар,
көтерме аяқтар, көлденең белдіктер және басқа да
б ө л ш е к т е р

Темір жол немесе трамвай локомотивтерінің !8607* !
немесе жылжымалы құрамның бөліктері ! ! !";

Мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"*Тауарлар номенклатурасы тауарлардың кодымен де, атауларымен де айқындалады";

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.12.14. N 1203 қаулысымен.

3) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.08.14. N 765 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі сыртқы экономикалық қызметті реттеу жөнінде қазақстан тарабы қолданып жатқан шаралар туралы Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы Интеграциялық комитетін белгіленген тәртіппен хабардар етсін.

3. Осы қаулының жарияланған күнінен бастап екі айдан кейін күшіне енетін 1-тармағы 2-тармақшасының 15-23-абзацтарынан, сондай-ақ осы қаулының жарияланған күнінен бастап 30 күннен кейін күшіне енетін 1-тармағының 3) тармақшасынан басқа, осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі